

Жұқпалы ауруларды шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру ережесін және жұқпалы аурулардың пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 ақпандағы N 139 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2270 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2270 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Жұқпалы ауруларды шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру ережесі;

2) жұқпалы аурулардың пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 5 ақпандағы

N 139 қаулысымен

бекітілген

Жұқпалы ауруларды шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жұқпалы ауруларды шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) жұқпалы аурулардың таралуын болдырмауға бағытталған және осы қаулымен бекітілген тізбеге сәйкес жұқпалы аурулар жағдайлары (індеті) тіркелген жекелеген объектілер мен аумақтарда халықтың шаруашылық және өзге қызметі мен өмір сүруінің ерекше режимін көздейді.

2. Жұқпалы аурулардың шет елден әкеліну қаупі төнген кезде шектеу іс-шараларын жүргізу, жүзеге асыру және тоқтату тәртібі

2. Жұқпалы аурулардың шет елдерден әкеліну қаупі төнген жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде мынадай шектеу іс-шаралары енгізіледі:

1) жұқпалы аурулар бойынша қолайсыз елдермен жолаушы көлік (авиациялық, темір жол, су және автомобиль) қатынасын уақытша тоқтату;

2) жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық қолайсыздық байқалатын елдерге Қазақстан Республикасы азаматтарының туристік және іскерлік мақсаттарда баруын уақытша тоқтату;

3) жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық қолайсыздық байқалатын шекаралас елдермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын у а қ ы т ш а ж а б у .

3. Ереженің 2-тармағының 1) - 3) тармақшалары бойынша шектеу іс-шаралары халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен енгізіледі және тоқтатылады.

3. Қазақстан Республикасының жекелеген аумақтарында жұқпалы аурулар жағдайлары (індеті) пайда болған кезде шектеу іс-шараларын жүргізу, жүзеге асыру және тоқтату тәртібі

4. Елді мекеннің (ауыл, кент, қала) аумағында осы қаулымен бекітілген тізбеге сәйкес жұқпалы аурулар жағдайлары (індеті) туындаған кезде, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын атқарушы органдар тиісті аумақтарда мынадай шектеу іс-шараларын ж ү р г і з е д і :

1) жұқпалы аурулардың ықтимал таратушы көздері болып табылатын, сондай-ақ жұқпалы аурулармен ауыратын науқастармен араласып жүрген адамдарды зертханалық тексерудің теріс нәтижелері алынғанға дейін жұмыстан ш е т т е т у ;

2) жұқпалы аурулардың көздері болып табылатын адамдарды міндетті түрде а у р у х а н а ғ а ж а т қ ы з у ;

3) жұқпалы аурулармен ауыратын науқастармен араласып жүрген адамдарды індеттік көрсетімдері бойынша инкубациялық кезең мерзіміне ауруханаға п р о в и з о р л ы қ ж а т қ ы з у ;

4) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтердің бұзылуы жойылғанға дейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жекелеген жұмыс түрлерін, жұмыс істеп тұрған объектілерді п а й д а л а н у д ы т о қ т а т а т ұ р у .

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бір уақытта санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын алу) іс-шаралары жүргізіледі.

5. Облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жекелеген аумақтарында жұқпалы аурулардың ірі індеті туындаған жағдайда шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин "Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.

4. Жекелеген объектілерде жұқпалы аурулар тіркелген кезде шектеу іс-шараларын енгізу, жүзеге асыру және тоқтату тәртібі

6. Осы қаулымен бекітілген тізбеге сәйкес жұқпалы аурулар жағдайлары (індеті) тіркелген жағдайда жекелеген объектілерде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері мен тиісті аумақтарда халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын атқарушы органдар мынадай шектеу іс-шараларын енгізеді:

1) мектепке дейінгі ұйымдарда жаңадан келген балаларды қабылдауға және балаларды басқа топтарға ауыстыруға тыйым салу;

2) мектептерде кабинеттік оқыту жүйесіне тыйым салу;

3) жұқпалы аурулардың ықтимал таратушы көздері болып табылатын, сондай-ақ жұқпалы аурулармен ауыратын науқастармен араласып жүрген адамдарды зертханалық тексерудің теріс нәтижелері алынғанға дейін жұмыстан ш е т т е т у ;

4) жұқпалы аурулармен ауыратын науқастармен араласып жүрген адамдарды міндетті түрде ауруханаға жатқызу және індеттік көрсетімдері бойынша инкубациялық кезең мерзіміне ауруханаға провизорлық жатқызу;

5) науқастарды бөлімнен бөлімге ауыстыруға немесе стационардан шығаруға т ы ы м с а л у ;

6) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтердің бұзылуы жойылғанға дейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектіні немесе оның құрылымдық бөлімшесін пайдалануды тоқтата т ұ р у .

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бір уақытта санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын алу) іс-шаралары жүргізіледі.

7. Карантин халықтың ұйымдастырылған контингенттері тәрбиеленетін, оқитын, тұратын, демалатын және емделетін объектілерде (білім беру ұйымдары, емдеу-алдын алу ұйымдары, еңбек және демалыс лагерлері, жазғы сауықтыру ұ й ы м д а р ы) жүргізіледі.

8. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин жекелеген объектілерде тиісті аумақтың (көліктегі) бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің немесе оның орынбасарларының шешімімен енгізіледі және тоқтатылады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

5

а қ п а н д а ғ ы

№

1 3 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жұқпалы аурулар пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін тізбесі

1 . О б а

2 . Т ы р ы с қ а қ

3 . С а р ы қ ы з б а

4. Ауыр жіті респираторлық синдром

5. Вирусты геморрагиялық қызбалар, соның ішінде:

1) Э б о л а қ ы з б а с ы

2) М а р б у р г а у р у ы

3) Л а с с а қ ы з б а с ы

6. Фекальды-оральды жолмен берілетін қоздырғыш гепатиттер

7 . С ү з е к - қ ы л а у а у р у л а р ы

8 . С а л ь м о н е л л е з

9 . Д и з е н т е р и я

10. Басқа да жіті ішек жұқпалы аурулары

11. Ауа-тамшы инфекциялары